

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 13 желтоқсандағы N 2680
Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 3 маусым N 3011

Тұрғын үйді ұстау мен тұрғын үй-коммуналдық қызмет үшін ақы төлеудің жаңа принциптеріне көшу мақсатында қаулы етемін:

"1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 13 желтоқсандағы N 2680 U952680_ Жарлығымен бекітілген 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасына мынадай ережелер мен толықтырулар енгізілсін:

"Құрылымдық-институционалдық өзгерістер" деген II бөлімінің 11.2 тарауының он үшінші абзацындағы алғашқы екі сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"1996 жылы тұрғын үй-коммуналдық қызмет тарифтерінің осы қызметтерді көрсететін ұйымдардың шығасыларын жабатын деңгейіне дейін кезең-кезеңімен көшуді қамтамасыз ету көзделіп отыр";

"Әлеуметтік саясат" деген IV бөлімнің IV.4.3. параграфының он бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Үкімет 1996 жылы тиісті нормативтік база әзірлеп, бір мезгілде халықтың аз қамтылған жіктеріне атаулы тұрғын үй жәрдем ақыларын беру жүйесін енгізе әрі меншік иелерінің кооперативтерін құра отырып, тұрғын-үй саласын дотациясыз жұмыс істеу режиміне толық көшіруді көздеп отыр".

Қазақстан Республикасының
Президенті